

"Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 сәуір N 413. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.02 N 1824 қаулысымен. ~P991824

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық оқу-тәрбие орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқаруға уәкілеттік берілген орган, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін. < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.02 N 1824 қаулысымен .

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы әлсіз, ауру балаларды, сондай-ақ экологиялық қолайсыз аймақтардың, әл-ауқаты төмен және көп балалы отбасыларының балаларын, балалар үйлеріндегі жетім балаларды тәрбиелеу, оқыту және сауықтыру болып айқындалсын. < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.12.02 N 1824 қаулысымен.

4. "Республикалық балаларды сауықтыру-оңалту орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорны таратылсын.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

бір айлық мерзім ішінде Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

"Республикалық балаларды сауықтыру-оңалту орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорнын таратуды жүргізсін және таратылған кәсіпорынның мүлкін құрылған кәсіпорынға берсін.

6. "Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорны таратылатын "Республикалық балаларды сауықтыру-оңалту орталығы" республикалық қазыналық кәсіпорынның құқықтық мұрагері болып табылады;<*>

Кәсіпорынды 1999 жылы қаржыландыру "Балаларды оңалту" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

Кәсіпорынды қаржыландыру республикалық бюджеттен және заңдармен тиым

салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.02 N 1824 қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Үкіметтің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулымен сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін, сондай-ақ Министрліктің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК